



**«БЕКІТЕМІН»**

облыстық білім беруді дамыту  
оқу-әдістемелік орталығының  
директоры

А.Қабдулова

2021 ж

## **«Болашағым, сен тұрсаң мен өлмеспін» облыстық сырттай жас ақындар мүшәйрасының ЕРЕЖЕСІ**

### **I. Жалпы ереже**

Мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90-жылдық мерей тойына арналған облыстық «Болашағым, сен тұрсаң мен өлмеспін» атты жас ақындар мүшәйрасын облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырады.

### **II. Мақсаты мен міндеттері**

Мақсаты:

М.Мақатаевтың көркем шығармалары арқылы жастарды поэзияға баулу, тума талант, табиғи дарын иелерін анықтау

Міндеттері:

- М. Мақатаевтың шығармаларын насихаттау;
- жастардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын айқындау;
- жас мамандардың поэзияға деген құштарлығын арттыру.

### **III. Мүшәйраның өткізілу мерзімі мен тәртібі**

Мүшәйраға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан бір немесе екі **жас маман** қатыса алады.

Мүшәйраға қатысу үшін құжаттар мен материалдарды [tal.metodtipo@mail.ru](mailto:tal.metodtipo@mail.ru) электронды поштасына қабылдау **2021 жылдың 9 ақпанға** дейін жүргізіледі.

Материалдар папкасы 3 файлдан тұрады:

1. Берілген нұсқаға сәйкес сұраныс (қосымша 1);
2. Қатысушы шығармасын тіркеу парағы (қосымша 2);
3. Автордың байқауға ұсынған шығармасының бейнежазбасы.

### **IV. Мүшәйраның шарттары**

Шығармалар компьютер арқылы терілген болуы тиіс: Microsoft Word форматында (14 шрифты, жоларасы 1 интервал, Times New Roman қарпімен) жолдануы керек.

Бейнежазбаға қойылатын техникалық талаптар:

- HD (1280x720) бастап Full HD (1920x1080) дейін;

- формат \*mp4;

- Бейнематериалдың хронометражы 5-10 минутқа дейін.

Оқу барысында музыкалық сүйемелдеу, декорация, костюм қолдануға болады. Әр қатысушы шығарманы ешкімнің көмегінсіз өзі орындап, бейнежазбасын жолдауы шарт.

Бұрын жинақтарда, мерзімді басылымдарда, сайттарда, әлеуметтік желілерде жарияланбаған, басқа байқауларға ұсынылмаған және талапқа сай келмейтін көркемдігі төмен шығармалар қабылданбайды.

Бағалау критерийі:

- туындының көркемдік сапасы;

- шығарманың идеялық мазмұны;

- стильдік ерекшелігі;

- сөйлеу мәнері мен анықтығы (логикалық екпін, дауыс ырғағы, тембр, оқылымның эмоционалдык-экспрессивтік бояуы);

- шығарма тақырыбы мен музыкалық сүйемелдеудің, декорацияның үндесуі.

Әр критерий бойынша 10 балдық жүйемен бағаланады.

Мүшәйраны ұйымдастыру мен өткізу үшін ұйымдастыру комитеті жасақталады және қазылар алқасының мүшелері анықталады. Қазылар алқасы байқаудың жеңімпаздарын анықтайды. Қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды. Ұсынылған шығармалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Ұйымдастыру комитеті мүшәйраға қатысқан шығармаларды жариялауға құқылы.

*Ескерту:* Ғаламтордан алынған немесе ұқсас жұмыстар байқауға қатыстырылмайды. Барлық жұмыстар плагиатқа қарсы тексеруден өтеді.

## Ү. Марапаттау

Мүшәйраның қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды **2021 жылдың ақпан** айында анықтайды.

Мүшәйра барысында ең көп ұпай жинаған қатысушы байқау жеңімпазы атанады. Мүшәйра жүлдегелері I, II, III дәрежелі Дипломдармен марапатталады.

Мүшәйра қорытындысы Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының сайтына және облыстық «Ұстаз әдістемесі» газетінде жарияланады.

*Қосымша 1*

«Болашағым, сен тұрсаң мен өлмеспін» облыстық сырттай жас ақындар мүшәйрасына сұраныс

Қатысушының аты- жөні	
Оқу орны	
Мамандық атауы, біліктілігі	
Мекен - жайы	
Е-mail поштасы, байланыс телефоны	

*Қосымша 2*

«Болашағым, сен тұрсаң мен өлмеспін» атты жас ақындар мүшәйрасына қатысушы шығармасын

**ТІРКЕУ ПАРАҒЫ**

**Шығарманың тақырыбы**

*Қатысушының аты-жөні, тегі, мамандығы, лауазымы, мекеме атауы*

**Шығарма мәтіні...**